

2024 жылғы қаңтар-тамыздағы ТМК

2024 жылғы қаңтар-тамызда ҚР тау-кен металлургия саласындағы (ТМК) өндіріс көлемі 8,817 трлн. теңгені құрады, бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңнен 13,8%-ға артық. Металлургия өнеркәсібі құрылымында негізгі үлес **түсті металлургияға тиесілі – 4 074,1 млрд теңге, қара металлургиядағы өндіріс 1 840,6 млрд. теңгені құрады.** Металл кендерін өндіруде негізгі үлесті **түсті кендерді өндіру** алады – 2 464,6 млрд теңге, ал қалған бөлігі **темір кендерін өндіруге тиесілі – 415,4 млрд теңге.**

«Металл кендерін өндіру» НКИ 2024 жылғы қаңтар-тамызда 107,5% құрады. Бұл ретте **«темір кендерін өндіру» НКИ 113,5% құрады.** Өндірістің ұлғаюы темір кендерін өндірудің өсуімен байланысты (123,0%); хром кендері (120,5%).

«Түсті металл кендерін өндіру» НКИ 105,9% құрады. Өндірістің ұлғаюы түсті металдардың негізгі кендерін өндірудің өсуімен байланысты: алюминий (боксит) (104,7%); мыс-мырыш (110,2%); қорғасын-мырыш (117,2%); мыс (107,5%), құрамында алтын бар металдар (100,9%).

«Металлургия» НКИ 2024 жылғы қаңтар-тамызда 108,7% құрады.

Түсті металлургиядағы НКИ 105,6% құрады, бұл ретте НКИ ұлғаюы тазартылған мыс (118,6%), өңделмеген алюминий, алюминий оксиді (111,1%), өңделмеген тазартылған қорғасын (119,0%), тазартылған алтын өндірісінде (103,1%) құрады.

Қара металлургияның НКИ қайта құйылған шойын (114,3%); ферроқорытпалар (120,3%); тазартылмаған болат (109,4%); қоспасыз болаттан жасалған өзектер мен шыбықтар (113,7%); қоспасыз болаттан жасалған профильдер (108,9%) мен бұрыштар (107,7%); тегіс илек (120,4%), қоспасыз (көміртекті) болаттан жасалған қырлы табақтар (124,7%) өндірісінің ұлғаюы есебінен 113,6% құрады.

2024 жылғы қаңтар-шілдеде **металлургия өнімдерінің экспорты 2023 жылғы ұқсас кезеңге қарағанда 15,6%-ға ұлғайып, 8,7 млрд. АҚШ долларын құрады, оның ішінде қара металлургия – 2,4 млрд. АҚШ доллары, түсті металлургия – 6,2 млрд. АҚШ доллары.** Өткен жылдың көрсеткішіне қатысты қара металлургия экспортының көлемі 5,9%-ға, түсті металлургия экспортының көлемі 27,2%-ға ұлғайды.

Металлургиялық өнім экспортының құн құрылымында құны бойынша негізгі көлем мыс (27,2%), ферроқорытпалар (14,8%), тегіс илек (9,9%), мырыш (4,4%), күміс (3,8%), алюминийге (3,3%) тиесілі. Металлургия өнеркәсібі экспортының ұлғаюы мыс, алюминий, қорғасын және сазбалшық экспортының құндық көлемінің өсуі есебінен қамтамасыз етілді.

2024 жылдың қаңтар-шілде айларында ҚР металлургия өнімдерін өткізудің негізгі нарықтары Қытай (37,1%), Ресей (24,6%), Түркия (9,1%) және Өзбекстан (3,7%) болды.

2024 жылғы қаңтар-шілдеде **металлургия өнімі импортының көлемі 2023 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 2,7% - ға төмендеп, 2,1 млрд. АҚШ долларын құрады, оның ішінде қара металлургия – 1,7 млрд. АҚШ доллары,**

түсті металлургия – 0,4 млрд. АҚШ доллары. Металлургия өнеркәсібі импортының төмендеуі дәнекерленген және жіксіз құбырлар, рельстер импортының құнының төмендеуіне байланысты болды.

2024 жылғы қаңтар-шілдеде металлургиялық өнім импортының құндық құрылымында: шыбықтар (14,2%), тегіс илек (13,1%), жіксіз құбырлар (13,0%), мыс анодтары (10,5%), дәнекерленген құбырлар (9,0%) басым.

2024 жылғы қаңтар-шілдеде Қазақстан Республикасында металлургия өнімдерінің негізгі жеткізушілері Ресей (73,5%), Қытай (11,4%) және Италия (2,6%) болып табылады.

2024 жылдың қаңтар-шілде айларында ҚР металлургия өнеркәсібі нарығының көлемі 4,8 млрд. АҚШ долларын құрады, ОТӨ үлесіне 56,2%, импорттық өнімнің үлесіне 43,8% тиесілі.

Сала 3 өңірде: Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында жоғары аумақтық шоғырлануымен ерекшеленеді. ҚР металлургия өндірісінің құрылымында 2024 жылғы қаңтар-тамызда Қарағанды облысының үлесі шамамен 22,1%, ШҚО – 17,4% және Павлодар облысының үлесі – 13,8% құрайды.

ГОРНО-МЕТАЛЛУРГИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ


Январь-август 2024 г.

8 817
МЛРД ТГ.



ДОБЫЧА МЕТАЛ. РУД – 107,5%
МЕТАЛЛУРГИЯ – 108,7%

- Добыча металлических руд
- Metallургическая промышленность



ЭКСПОРТ



РЫНОК



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-июль 2024 г.

ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-АВГУСТ 2024 Г., МЛРД ТЕНГЕ

